



Жалағаш жаршысы




«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Кеше Қызылорда қаласындағы СПМК-70 шағын ауданында 1500 орындық «Келешек мектебінің» ашылу рәсімі өтті. Оған ҚР Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенев, Мұрат Ерғешбаев, құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, зиялы қауым өкілдері, ел ағалары қатысты.

«Келешек мектебі» ел игілігіне берілді



Аймақ басшысы қала тұрғындарың ұстаздар мен оқушыларды жаңа мектептің ашылуымен құттықтап, жиналған жұртқа ізгі тілегін айтты.

– Президентіміз «Баланың бәрі бірдей. Ауыл баласы мен қала баласының білім алу мүмкіндігі де бірдей болуы керек. «Келешек мектептері» жобасының негізгі мақсаты да – осы» деген болатын. Бәсекеге қабілетті, заманның жаңа шақыртуларына дайын, озық ойлы ұрпақ тәрбиелеу – мемлекет алдындағы стратегиялық маңызды мәселе. Сыр өңірінде Президенттің, Үкіметтің қолдауымен білім саласында ауқымды жобалар мен тың бастамалар жүзеге асуда. Аймақтың білім беру саласына соңғы үш жылда 812 млрд 245 млн теңге, биыл 346 млрд 800 млн теңге бөлінді. Өткен жылы 31 млрд 800 млн теңгеге 13 білім беру ұйымы жаңадан ашылды. Баршаңызды жаңа мектептің ашылуымен құттықтаймын. Бұл – жай ғана ғимараттардың салынуы емес, жаңа дәуірде білім алатын озат оқушыларға жаңа мүмкіндіктер сыйлау. Жаңа мектеп әрбір оқушының асыл арманын оятатын, биік мақсатқа жетелейтін ізгі орын болсын. Санасы сергек, ойы ұшқыр, бәсекеге қабілетті оқушыларымыздың қатары көбейсін, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Айта кетейік, аймақта «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 54 млрд 391 млн теңгеге 10 жаңа мектеп салынды. 2023 жылдан бері 5 млрд 700 млн теңгеге 9 мектептің жанынан қосымша ғимарат бой көтерді. Бұл арқылы өңірдегі уш ауысымдық мектептер мәселесі түбегейлі шешімін тапты.

Салтанатты шарада білім беру саласының дамуына елеулі үлес қосқан ұстаз қауымы мен «Келешек мектебін» сапалы етіп салған мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің алғыс хатымен марапатталды.

Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Досбергөңқызы, Парламент Мәжілісінің депутаты Мұрат Абдуламитұлы, мемлекет және қоғам қайраткері, Қызылорда облысының құрметті азаматы Мұрат Бақтыярұлы рәсімге қатысушыларды құттықтап, ізгі тілек білдірді.

АЭС құрылысы басталады

Атом энергиясы жөніндегі агенттікте бірінші атом электр станциясының құрылысы аясында өндірісті оқшаулау мәселелеріне арналған кеңес өтті. Онда отандық кәсіпорындардың жобаға қатысуы, технологиялар трансферті, жергілікті өнеркәсіпті қолдау және жаңа жұмыс орындарын құру жайы талқыланды. Қатысушылар АЭС құрылысы барысында шығындардың едәуір бөлігі қосалқы инфрақұрылымға, инженерлік жүйелерге, материалдар мен сервистердің кең ауқымына бағытталатынын анықтады. Бұл құрылысқа қазақстандық өндірушілер мен мердігерлерді кеңінен тартуға мүмкіндік бермек.

Атом энергетикасы саласы үшін тауар жеткізушілердің, жұмыстар мен қызмет атқарушылардың арнайы тізілімі жасақталады. Бұл тізілім рәсімдердің ашықтығын, сапаны бақылауды және жобаға қатысуға тең қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Кеңесте АЭС құрылысы кезінде оқшаулауды дамытудың кешенді жоспары жобасының негізгі элементтері таныстырылды. Онда қазіргі жағдайға талдау, оқшаулаудың перспективалық бағыттары, өнеркәсіпті дамытуды ынталандыру тетіктері және мемлекеттік қолдау шаралары қамтылған.

Агенттік төрағасы А.Сәтқалиев тек білікті және сенімді қызмет көрсетушілерді тартуға мүмкіндік беретін жүйе қалыптастыруға басымдық берілгенін айтады. Бұл – атом жобаларының қауіпсіздігі мен тиімділігінің негізі. Кешенді жоспарды іске асыру отандық өнеркәсіп кәсіпорындарының едәуір бөлігін жаңғыртуға, жүздеген отандық компанияның жеткізілім тізбегіне тартуға, мықты база қалыптастыруға және жаңа өндірістердің ашылуына мүмкіндік бермек. Сондай-ақ шағын және орта бизнестің дамуына, жаңа жұмыс орындарының құрылуына және өңірлік инфрақұрылымның жақсаруына үлес қосады.

Жиында өнеркәсіп пен құрылыс секторының жағдайына терең талдау жүргізу туралы шешім қабылданды. Мемлекеттік органдарға кешенді жоспар жобасын қарастырып, өз ұсыныстарын енгізу тапсырылды.

«ЖОЖ» ақпарат

Тұрғындардың талап-тілегін тыңдады

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Жалағаш ауданындағы «Руханият» орталығында ҚР Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, құқық қорғау органдарының бірінші басшыларымен бірге тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

«Азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру – бәрімізге ортақ міндет. Білік пен қоғам арасында тұрақты диалог орнату арқылы ғана қазіргі геосаяси ахуалға бейімделген үйлесімді мемлекет қалыптастыруға болады» деп атап өткен болатын Мемлекет басшысы халыққа арнаған Жолдауында. Кейінгі жылдары дәстүрге айналған бастама ел арасында үлкен қолдауға ие болды. Қабылдау туралы алдын ала хабардар болған тұрғындар облыс әкіміне және құқық қорғау органдарының бірінші басшыларына сауалдарын, ұсыныс-тілектерін жеткізді.

Ашықтық қағидатына негізделіп өткізілген жеке қабылдауға жазылғандардың басым бөлігі көшелерді, әлеуметтік нысандарды жөндеу мен жұмысқа орналастыруға қатысты мәселелерді қозғайды.

Мәселен, зейнеткер Ақсу ауылдық округінің ішкі көшелерінің тағы бір аудан тұрғыны Жалағаш кентіндегі Қонысбек



Қазантаев атындағы мәдениет үйін күрделі жөндеу туралы өтінішін жеткізді.

Облыс әкімі сапа басшыларына тиісті тапсырмалар беріп, заң аясында шешім қабылдау қажеттігін айтты.

Қабылдауда жалпы саны 40-тан астам азаматтың өтініші қаралды. Ал облыс әкіміне 15-тен астам тұрғын өз сұрақтарын қойды.

Халықпен кездесулер, жеке қабылдаулар қоғамда заң мен тәртіп қағидатын ілгерілету үшін керек.

Соңында облыс әкімі жалағаштық ардагерлермен кездесіп, ой-пікірлерін

ұсыныстарын тыңдады. Өңірдегі бастамалар, атқарылған жұмыстар және кезегі күткен мәселелер туралы айтты. Аудан ардагерлері аймақ басшысының алдағы жұмысына сәттілік тіледі.

Иә, соңғы жылдары аймақта ауқымды жобалар жүзеге асуда. Бастысы, бүгінде сол жарқын жобалардың ел игілігін көруде. Әсіресе аймақта құрылыс қарқын алып, әлеуметтік нысандар мәселесі оң шешімін табууда. Мәселен, 2022 жылдан бері облыста 200-ге жуық әлеуметтік нысан салынып, бүгінде тұрғындар игілігіне қызмет етуде.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Жәрмеңке

Арзан баға, сапалы өнім

Сенбінің шуақты таңында Қызылорданың Титов қыстағында сауда қызып тұр. Жай күндері ашық алаң болып жатқан жер бүгін базарға айналғандай. Бірі қаптап бақша өнімін алса, енді бірі балық саудалайды. Аанадай жерде елуді еңсерген тағы бір апамыз Сыр салысын саудалап тұр. Не керек, бос жүрген бір адам жоқ, жай тұрған сатушылардың өзі көлік үстіндегі жүк тасымалдаушыларға қай өнімнен қанша шығару керектігінен хабар береді.



Жалпы жалағаштық ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін бұл қалыпты жағдайға айналғандай. Басаяғы 40-50 сатушы тікесінен тік тұрып, мұнда келушілерге қызмет етіп жатыр. Бұл жолы аудан еңбеккерлері шаһарға мол өнім алып келген. Жаныңа керектің бәрі осында, бақша өнімдерінен бөлек мал азығын саудалағандар да болды. Қалада тұрып, қорасында мал ұстайтын ағайынның барына қуандық. Дұрыс қой, қазір еттің бағасы аспандап тұрған шақта арзандау мал алып, оны бағып, соғымға жығып алғанға не жетсін! Жоңышқаны мольнан алған шаһар тұрғыны Шерхан Маратұлының аузын бақсақ, тіпті мұны кәсіпке айналдырғандай.

– Жұрт мұнда азық-түлік алуға келсе, мен жылда мал азығын қамдаймын. Негізі, өзімнің де туған жерім – Жалағаш. Бұрын ауылда ет арзан кезде жілікке жазылатынбыз. Қазір «ауыл, қала» деп бөліп жаратын уақыт емес. Барлығында баға бір, соңғы бес жылда бір ірі қара, құнаншығар тай алып, оны бордақылап, жілікке сатамын. Үстіңдегі бар пайдам, отбасым жейтін ет, яғни бір жілігін өзім аламын. Кешегі жазда сыртта болып, мал азығын ала алмадым. Бүгін соның сәті түсті, абырой болғанда, жоңышқа пресстің бағасы айтарлықтай қымбаттамаған. Әлде жәрмеңке болғасын арзан сатып жатыр ма, әйтеуір айтарлықтай қалтамды қаққан жоқ. Екі жүз жоңышқа пресс алдым, осы көктемге дейін бағатын малыма жетеді, – дейді қала тұрғыны.

Балықтың басында тұрған адамның да қатары қалың, жасы 40-тың шамасындағы сатушы апай бәріне үлгерер емес, оны байқаған көмекшісі де апамыздың қасына сап түседі.

– Сазан дейсіз бе, сізге қанша келі керек?

– Балам-ау анау басы жалпыға, тең кейіп жатқан қара балығыңды тұтастай алсам қанша болады?

– Әже, оны өлшеп көріюм керек.

– Әй, анау қарасыңнан 7-8 келі өшейт бой.

Бұрын базар бармағаннан емес, бірақ мұндай абыр-сабыр бізге қызық болып барады. Ел енді қайтсін, сатушылардың аузын бақсақ, мұндағы кейбір өнімдердің бағасы нарықтан 30 пайызға дейін төмен екен. Ал бұл мүмкіндікті шаһар жұрты құр жібергісі келмейді. Кейбір өнімдерді қаптап алып жатқаны да сондықтан.

Сағат он бірден өте қайта кірсек, сауданың қызуы әлі басыла қоймапты. Бағанадан жүрген бір-екі кісі бұрынғы танысындай көзге түседі. Енді бірі мықтағы бір қап күрішін «ауыл кетер» дегендей, қайта жайғастырып алып, көлігін бетке алды. Ал анайда 3 қап өнім күткіп отырса керек, телефонның ар жағындағы адамға «бағана шықтым деп едің, тез келіп, мыналарды көлікке тиесен, мен балық алып келіюін деп едім, арзан екен» деді. «Сол жаққа қарасай» деген дауыс телефоннан емес, анық естілді. Өне-міне дегенше ағамыз да келіп қалыпты, ал мұндағы үш қапты жолдасына аманаттаған Гауһар апай балық тұрған жақты бетке алды.

Гауһар Әмірбекқызының Титов қыстағына келін болып түскеніне он жылдан асқан. Соңғы бесжылдықта мұндағы жәрмеңкенің ешқайсысынан қалмапты. Көбінесе мұнда балық пен бақша өнімдері

алуға келеді екен. Биыл әдеттегідей емес, бірінші бақша өнімдерін сатып алған.

– Өзім негізі Шиели ауданының қызымын, осында келіп болып түстім. Жылда жалағаштық шаруалар ұйымдастыратын жәрмеңкеден қалмаймыз. Жолдасым көбінесе жұмыста болады, биыл мұнда менімен бірінші рет келіп тұр. Маған Жалағаштың балығы, Жаңадарияның қауын-қарбызы, басқа да бақша өнімдері ұнайды. Өйткені қыста бұл жақтың өнімдері сақтауға тәзімді келеді. Бұған соңғы бесжылдықта тәжірибемен байқадым. Жылда осында картоп пен сәбізді қаптап аламын. Кіші қызым сәбізді жақсы көреді, жолдасым балықтан шықпайды. Біздің үйде апта сайын балық қуыру, асу жаңалық емес. Бағана тұрған үлкен сазан өтіп кетіпті. Қуырмашқа шағындарын аламын, – дейді Титов қыстағының тұрғыны.

Сыртнан қараған жаңға керемет көрініс! Мұнда келушілер де қай өнімнің қандай еңбекпен келетінін жақсы түсінетін болуы керек, ешқайсысы бағаны жерге ұрған жоқ. Олай болатындай жәні бар, өзі нарықтан 30 пайызға дейін арзан сатылып жатқан өнімді одан әрі саудалап, бағасын түсіру де орынсыз шығар. Бастысы, арзан әрі сапалы өнім

алған халықтың көңілі шат, ұйымдастырушылар да дән риза.

Айта кетейік, Қызылорда қаласында Жалағаш ауданының ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өткен сенбіде ұйымдастырылды. Таңғы сағат 8:00-де басталған жәрмеңкеде аудан еңбеккерлері өндірген табиғи әрі сапалы өнімдер қала тұрғындарына базар бағасынан 15-30 пайызға төмен ұсынылды.

Жәрмеңкеге ауданнан 60 автотөлікпен 150 тонна ауыл шаруашылығы өнімі жеткізілді. Оның ішінде 40 тонна күріш, 30 тонна картоп, 20 тонна пияз, 10 тонна асқабақ, 10 тонна сәбіз бар. Сондай-ақ қауын, қызанақ, қияр, бұрыш, қырыққабат, қызылша, алма, балық, ет, сүт өнімдері де жоқ емес. Бұдан бөлек мұнда мал азығы да арзан бағада сатылды.

Биыл жалағаштық шаруалар тынбай еңбек етті. Қырманның астыққа топуы сол еңбектің өтеуі деп түйдік. 36 712 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары өгілді. Оның ішінде негізгі дақыл күріштің көлемі 19 357 гектарды құрайды. Егілген өнім уақытылы толығымен жиналды. 19 357 гектар күріштің әр гектарынан 59 центнерден өнім алынып, қамбаға 114 206 тонна өнім құйылды.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

2 ҚОҒАМ

Кәсіпкер келбеті

Біліммен жасалған бизнес



Қазіргі қоғамда сапалы білім мен кәсіби дайындық ерекше маңызды. Осындай қажеттілікті ескерген «NBS» оқу орталығы өз білімгерлеріне заманауи дағдылар мен терең теориялық білім беріп келеді. Мұнда әрбір адам тек білім алып қана қоймай, өз болашағын сенімді түрде жоспарлай алады. Өйткені білім мен тәжірибе тоғысқан жерде сенімді болашақтың іргетасы қаланады.

Үш ай бұрын ашылған оқу орталығы көптің сұранысын орындап, өз есігін білімге беттеген оқушыларына айқара ашқан. Негізін қалаушы Наурызбай Бекетай – аудан мектептерінің бірінде жетіжылдық тәжірибесі бар тарих пәнінің мұғалімі.

Бастапқыда достарының қолдауы кәсіби құлшынысын оятып, жаңа бастаманы сеніммен қолға алуға шабыт берген. Оқу ғимараты мұқият ұйымдастырылған. Бір-бірінің үстіне жапсарласа ілінген сырт киімдер. Арғы сыныпта сабақ жүріп жатыр. Бергі бөлмеде асхана жипазы тұр. Төңкеріле жатқан шыны аяқтар. Мұнда сабақтан кейін дайындыққа келген түлектерге бар жағдай жасалған. Ас бөлмеде жүрек жалғап, бір уақыт сергіп алады екен. Біз барғанда ортадағы бөлмеде демалып отырған екі оқушыны кезіміз шалды. Шамамен 9-10 сынып оқушылары, ересек адамдай бағамдауға бейімделген олар өз бетінше ақылдасып отыр.

Оқу орталығында мектепалды даярлық пен бастауыш сынып оқушыларына арналған орыс тілі мен математика сабақтары өткізіледі. 3,5 және 6 сыныптарға ағылшын тілінің курстары бар, сонымен қатар тарих пәні де оқытылады. Ұлттық бірыңғай тестілеуге онлайн дайындық жүргізіліп, биыл сұраныс Алматы мен Шымкент қалаларынан да түскен. Қазіргі таңда тарих пәнінен 50-ге жуық, ал бастауыш

сыныптарда 50-ге жуық бала қосымша білім алады.

Болашақта мемлекет тарапынан қолдау болса, кәсіпкер оқу орталығына қосымша пәндер енгізіп, оқушыларды сапалы дайындауды жалғастыруды көздеп отыр. Іскер азамат орталықты ашқанда мұғалімдер құрамын жинақтауға ерекше мән берілгенін айтады. Дайындық курстарынан өткен түлектердің барлығы грант ұтып алып, кейінгі жетістіктерінде ұстаздарына алғысын білдіруде.

– Қазір білімдінің заманы. Оқу бағдарламалары күрделенгесін бе, ата-аналар тарапынан сұраныс күн сайын ұлғайып келеді. Ауылда бастауыш сыныптарды оқытатын оқу орталықтары болғанмен, ресми түрде ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық жүргізіп жүрген жалғыз оқу орталығымыз, – дейді жас кәсіпкер.

Оқушылар мұнда жан-жақтан келеді. Оқу барысын байқағымыз келіп, сабақ жүріп жатқан алдыңғы сыныпқа беттедік. Айнұр Ахметова математиканың қыр-сырын үйретіп жатыр. Бастауыш сынып мұғалімі оқушыларды бір минутта отыз мысал шығаруға машықтандырады. Жылдам есептеу үшін түрлі әдіс-тәсілдер қолданатынын айтады. Қазіргі таңда кейбір оқушылар минутына он есепті ойланбай шығаратын деңгейге жеткен. Бір айдың ішінде ментальды арифметиканы меңгеруге болады. Мұға-

лімнің нұсқауын қайталап тұрған бүлдіршіндерге қарап, «жай сергіту сәті болар» деп қабылдағанбыз. Сөйтсек, арнайы жаттығулар екен. Бастапқыда бірден есеп шығармай, нейро жаттығулар жасатады, себебі адам миы сау-сақ қозғалысын жақсы қабылдайды. Екі жақ жарты шарды дамытудың арқасында баланың қабілеті ашылады.

Сынып қабырғасына Бекетай Серғалиұлының түрлі марапаттары ілініпті. Алғыс хаттарын бойлай өтіп, жанындағы шағын есікті сұрадық. Бұл – орталықтың негізін қалаушы, кейіпкеріміздің жеке кабинеті. Тарих пәнінің мұғалімі спорттан да алыс емес екен. Бөлме ішінде тартылуға арналған түрник те орнатылған. Жоғары сөрелер түгелдей оқу құралдарына толса, төменгі тартпада оқтай жиналған жұмыс киімдері тұр. Мұндағы әр зат өз орнында, әр бұрыш ұстаздың жинақылығын, ісіне мұқият қарайтынын аңғартады. Жан-жақты педагогтың қолтаңбасы орталықтан да байқалады. Сурет өнерінен хабары бар ұстаз оқу орталығының ішкі безендіру жұмыстарымен де өзі айналысыпты.

Бүгінде тарих тағылымын үйретіп, оқушыларын шежіреге толы өрелі деректермен сусындатып жүрген педагог бастапқыда заңгер болуды армандаған. Жоғары сыныптарда республикалық деңгейде орын алып жүрген дарынды оқушыны мектеп директоры байқап, «сенен мықты мұ-

ғалім шығады» деп ұстаздық жолға бағыттапты. Әйтсе де ол екінші мамандық ретінде заң саласын да оқып шыққан. Қаншама түлектің алғысына бөленіп жүргенін ойласа, осы жолды таңдағанына өкінбейді.

– Бүгінде оқу орталықтары бұрынғыдай тек қосымша сабақ өткізетін орын емес, баланың болашағына салынған инвестиция іспетті. Қоғам жаңарып, талап күшейген сайын, ата-ана да, оқушы да білімнің жаңа деңгейін іздей бастайды. Бұрын ауданда мұндай орталықтардың саусақпен санарлық болуы уақыт тынысына тән құбылыс болар. Қазір жағдай бөлек. Ақпарат ағыны жылдам, бағдарламалар күрделі, бәсеке жоғары. Осындай қарқынға ілесу үшін бүгінгі жасқа қосымша күш, қосымша бағыт керек, – дейді оқу орталығының иесі.

Нарық заманында білімді де игілікке айналдырудың жолы бар. Биыл мемлекетімізде қосымша біліммен қамтылған балалар саны 3,4 млн-ға жеткен, 400-ден астам жаңа қосымша білім беру ұйымы ашылған. Қабілет пен қарым болса, әр адам өз жолын таба алады. Бүгінгі кейіпкеріміздің жинақы сөзі, ұйымдастыра білудегі ұқыптылығы, өз өміріне деген жауапкершілігі оның нағыз кәсіпкерге тән табандылығын аңғартты. Талант пен талпыныс қатар жүрсе ғана істің жолы ашылатыны белгілі. Білім саласына қосқан үлесінен бөлек ол кәсіпкерлік бағытта да бағын сынап жүр. Бүгінде бастаған ісінің берекесін көріп, алдағы жоспарын жүзеге асыруға нық қадам басып келеді. Әр сөзінен әлі талай жобаның тізгінін ұстайтыны байқалады.

Гүлжан ЕСЖАН

Біле жүріңіз

Әлемнің ЖИТС жайында алғаш білгеніне де қаншама уақыт өтті. Ең алғашқы жағдай ХХ-ғасырдың соңында, яғни 1985 жылы АҚШ-та тіркелді. Қазақстанда алғашқы жағдай 1987 жылы шетелден келген студенттен анықталған. Жыл өткен сайын індет барлық елге таралып, оның зардабы анықталуда.

АИТВ-ның алдын алмай, ауру азаймайды



АИТВ инфекциясының таралу жолы ғылыми түрде толық дәлелденген, яғни адам ағзасының биологиялық сұйықтықтары арқылы беріледі. Бұл індеттің жұғу жолы оңай, бірақ сауығуы қиын, яғни емі жоқ індет өкпені естен шығармаған дұрыс. Сөбебі АИТВ инфекциясына кез келген адам шалдығуы мүмкін. Сондықтан әркім өзін және өзгелерді АИТВ инфекциясынан сақтай білуі керек.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Қазақстанда биыл 9 айда 2 785 АИТВ жұқтырғандар тіркелген, соның ішінде шетел азаматтары – 148, ҚР азаматтарынан 2 637 жағдай анықталған. Былтыр 9 айда 3025 жағдай тіркелген, соның ішінде шетел азаматтары – 138, ҚР азаматтары – 2 887. Өткен жылмен салыстырғанда 8,7 пайыз төмендеген.

АИТВ инфекциясы – иммун тапшылық вирусы тудыратын, иммундық жүйенің зақымдануымен сипатталатын және жүре пайда болған иммундық жетіспеушілікке әкеліп соқтыратын созылмалы жұқпалы ауру. Оның өзіне төн шағымдары жоқ. Ауру біртіндеп басталады.

ЖИТС – жұқтырылған иммунитет тапшылығының синдромы. Ол – АИТВ жұқпасының асқынған соңғы сатысы. Бұл кезеңде егер АИТВ жұқтырғандар ретровирусқа қарсы препараттарды қабылдамаған жағдайда аздада түрлі патологиялық өзгерістер туындайды. Соңында асқынып, ЖИТС-ке өкеледі.

Өмірде кез келген адам АИТВ жұқпасын жұқтырып алуы мүмкін. Алайда жұқтыруға екеп соғу жолдары туралы шынайы ақпаратқа сүйеніп, тәуекелден бас тартса, АИТВ және ЖИТС-тың алдын алуға болады.

АИТВ-ның жұғу жолдарына келсек, ол қан арқылы да жұғады, яғни АИТВ-мен зақымданған донордың қанын күйінде немесе мүшелері мен ұлпаларын салғанда, қан тамырына есірткіні енгізген кезде ине мен шприцтерді бірге қолданғанда, медициналық манипуляция кезінде заалсыздығандырылмаған құралдарды пайдаланғанда жұғады.

Екіншіден, бұл дерт жыныстық қатынас арқылы да жұғады. АИТВ жұқтырған анадан балаға беріледі, яғни бұл кеселді жұқтырған анадан баласына жүктілік кезінде, босанғанда және емізу кезінде беріледі.

Жыл сайын желтоқсанның алғашқы күні дүниежүзілік ЖИТС-ке қарсы күрес күні атап өтіледі. Бұл күні әлем АИТВ-мен өмір сүретіндерге қолдау көрсетіп, ЖИТС-тен қайтыс болғандарды еске алады. Бұл күні әлі де болса АИТВ-ның аяқталмағанын, оның өзектілігін еске сала отырып, адам өміріне кері әсері, осы аурудың алдын алу, жұғу жолдары, жұқтырған адамдардың өмір сапасын жақсарту, стигма, кемсітушіліктерді жою тақырыптарында түрлі форматта мағлұмат беріледі. Іс-шараның негізгі мақсаты – АИТВ инфекциясының алдын алу, сақтану, жұғу жолдары тақырыптарында тұрғындарды ақпараттандыру жұмыстарын жүргізу.

Биылғы жылдың ұраны «АИТВ-ға қарсы күрестегі қиындықтардан тиімді өзгерістерге» деп аталады. Бұл ұран қоғамның күш-жігерін біріктіруге, жаңа тәсілдерді дамытуға және АИТВ-ның алдын алу мен осы инфекциямен өмір сүретін адамдарды қолдау ісінде жауапкершілікті арттыруға бағытталған. Төңіздік ЖИТС пандемиясының жалғасына әсерін тигізуде. Алайда біз оны жеңуіміз қажет.

ЮНЕЙДС әрқайсысымызды осы күні ЖИТС-ке қарсы күресте ілгерілеуге кедергі келтіретін төңіздіктермен күресуге шақырады. ЖИТС-ті толық жеңгеніміз жоқ. Қазіргі жағдайда төуекелділікті азайту және алға қойған мақсаттарымызға қол жеткізу үшін жаңартылған тәсіл қажет.

Кез келген адам өз денсаулығына өзі жауапты. Сондықтан денсаулықты сақтап, салауатты өмір сүрсек, АИТВ-ға шалдығушылар саны азаяр еді. Бастысы, сақтансақ, сақтайтыны қаперде болсын.

Айман БЕКНИЯЗОВА,
аудандық психо-әлеуметтік кеңес беру кабинетінің дәрігері

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол жоқ

Жалағаш ауданында «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» республикалық акциясы басталды. Аталған акция 10 желтоқсанға дейін жалғасады. Акцияның негізгі мақсаты – қоғам назарын әйелдер мен балаларға жасалатын зорлық-зомбылық мәселесіне аудару, құқықтық сауаттылықты арттыру, сондай-ақ отбасының қоғамдық рөлін нығайту. Қазіргі таңда тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, қабылданып жатқан профилактикалық шаралар таныстырылуда.

Акция аясында полиция қызметкерлері қоғамдық орындарда, көшелерде және халық көп жиналатын аймақтарда құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған рейдтік іс-шаралар өткізуде. Мақсат – тұрмыстық жанжалдарды ерте анықтап, зардап шеккен азаматтарға уақытылы көмек көрсету.

Егер сіз немесе жақындарыңыз тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болсаңыз, үнсіз қалмаңыз. Кез келген жағдайда құқық қорғау органдарына немесе дағдарыс орталықтарына жүгінуге болады. Облыс көлеміндегі дағдарыс орталықтарының сенім телефоны: «Қамқорлық» дағдарыс орталығы: 8 (7242) 30-25-40, 8-777-340-87-34, 8-777-456-11-06. «Жан» дағдарыс орталығы: 1-16-16. «Аналар Үйі» қоғамдық қоры: 14-22. Жалағаш ауданы полиция бөлімі: 8 (72431) 21-1-50, «102».

Ұлбосын АХМЕТОВА,
аудандық полиция бөлімінің отбасылық тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының аға инспекторы, полиция майоры

Брифинг

Қызылша қауламасын десек...

Қызылша – вирустан туындаған инфекция. Аурудың оңай анықтауға болатын ерекше белгілері бар (бөртпе). Ол өте жұқпалы, ауа арқылы таралады. Инкубациялық кезең бірнеше аптаға созылады. Инфекция ауа тамшылары арқылы беріледі. Науқаспен байланыста болған кезде (сөйлесу, түшкіру, жөтелу кезінде) бұрын қызылшамен егілмеген және ауырмаған адам 100 пайыз жұқтыруы мүмкін. БАҚ өкілдерімен өткен брифингте аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Гүлзираш Айымбетова осылай деді.

Спикер қызылша вирусы өте құбылмалы екенін жасырмады. Қызылшаны науқаспен тікелей байланыста болмай, онымен бір үйде болу арқылы жұқтырып алу қаупі де жоғары көрінеді.

Вирус тез өледі, сондықтан тұрмыстық заттар, ойыншықтар, киім-кешек арқылы жұқтыру мүмкін емес. Ауданның бас санитары балалардағы қызылша белгілеріне де тоқталды. Ол инкубациялық кезең (инфекциядан аурудың алғашқы көріністеріне дейін) 7-ден 17 күнге дейін созылатынын айтады. Бала инкубациялық кезеңнің соңғы екі күнінде, яғни қатаралды кезеңде (3-4 күн) және бөртпелердің төртінші күніне дейін, яғни 9 күн ішінде басқаларға жұқпалы болады. Бірінші, қатаралды, кезеңде (1-3 күн) қызылша респираторлық инфекция түрінде көрінетінін білу маңызды. Онда безгегі, бас ауруы, жөтел, мұрыннан су ағу, тамақ ауруы байқалады.

Гүлзираш Айымбетова науқастың клиникалық көріністері мен шағымы бойынша дәрігер ғана диагноз қоятынын айтады. Қосымша тағайындалуы мүмкін жайттарға келсек, қан мен зәрді жалпы талдау, серологиялық зерттеу (баланың қан сарысуындағы қызылша вирусына антиденелерді анықтау), қаннан



вирустың бөлінуі, кеуде қуысының рентгенографиясы, яғни ерекше жағдайларда ғана жасалады), электронцефалография (жүйке жүйесінде асқинулар болған жағдайда ғана жүргізіледі). Көп жағдайда диагноз маманға қиындық туғызбайды.

– Диагноз қойылған қызылша жағдайында емдеу көп жағдайда үйде өтеді. Егер жағдайы ауыр болса, науқас ауруханаға жатқызылады. Қызылшамен ауыратын адамға нақты емдеу қажет емес. Бірақ төсек демалысы мен гигиенаны сақтау керек. Сондай-ақ науқасқа көп мөлшерде ішу (бұл дегидратацияның алдын алады) және оңай сіңетін, дәрумендерге бай тағам көмектеседі. Бөртпелерді өштеңемен майлаудың қажеті жоқ. Бөлме температурасында сумен жуу жеткілікті. Температура төмендегеннен кейін ғана шо-

мылуға болады. Қызылшаны емдеу симптоматикалық болып табылады. Мұрыннан су ағу кезінде мұрынға тамшылар, жөтел кезінде жөтелге қарсы дәрі-дәрмектер, температурада антипиретиктер және т.б. жалпы белгілерді (жөтел, температура) жеңілдету үшін өртүрлі қақырық түсіретін және антипиретикалық препараттар қолданылады. Алдын алу үшін конъюнктивит көзді жылы шай қайнатқышына малынған мақта тампонымен жуады. Антибиотиктер, әдетте қолданылмайды. Олар асқинуға күдік туындаған кезде тағайындалады, – деді ол.

Балалардағы қызылшаның алдын алу оның денсаулығы мен толыққанды дамуының маңызды компоненттерінің бірі болып табылады. Сондықтан қызылшаға қарсы егу профилактикалық егу күнтізбесіне кіреді. Алғашқы вакцинация

12-15 айлық дені сау балаларға беріледі. Вакцинаны қайта енгізу (ревакцинация) 6 жасында, мектеп алдында жүзеге асырылады. Вакцинада баланың иммунитеті дамитын тірі өлсіреген қызылша вирустары бар. Қызылшаға қарсы егу реакциясы өртүрлі болуы мүмкін.

Кейде балаларда температураның 37,5-38 С көтерілуі байқалады. Бұл вакцинациядан кейін 5-8 күн ішінде болуы мүмкін және бір-үш күнге созылуы ғажап емес. Сонымен қатар нересте дене температурасының жоғарылауы аясында аллергиялық реакцияны немесе жеңіл құрысуларды дамыта алады. Вакцинациядан кейінгі реакциялар қызылша белгілерімен өте жаксы жүреді. Бірақ олар жеңілдетілген түрде және қысқа мерзімде жүреді.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Е.Әуелбеков – 95 жыл

Ерекең ердің ері еді

Мемлекет және қоғам қайраткері, Социалистік Еңбек Ері Еркін Нұржанұлы Әуелбеков туралы жазу ол кісінің қарамағында қызмет атқарған кісілерге қиын да жауапты болар, ал Ерекеңді білетін жай халық, әділет іздеп, алдына барған азаматтар 1985-1989 жылдары облыстың басшысы болған, ел басқарған, іскерлігі мен ұйымдастырушылық қабілетін терең білімділігімен ұштастырып, істі шешудегі әділеттілігін облыс халқы жақсы біледі. Биыл елдің азаматы атанған Е.Әуелбековтің туғанына 95 жыл толып отыр.

М.С.Горбачевтің «қайта құру» саясатынан бастау алған, келешегі беймәлім «бұлыңғыр» жылдары облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып келген Еркін Әуелбеков облыстың мәдени-әлеуметтік жағдайын жақсарту, қоғамда әділеттілік орнатуда орындаушылық талап пен төртіпті күшейтуде жүргізген жұмысы біздің әлі есімізде.

1985 жылы мен Жалағаш ауданындағы Аққұм кеңшарында партком хатшысы едім. Сол жылдың ақпан айы болатын. Облыстың жаңа басшысының қабылдауында болып келген Конекең (Қазантаев) аудан активін өткізіп, «Қайта құру» талабына сай облыстық партия комитетінің, оның жаңа басшысының қойған талаптарын бізге «шегелеп» жеткізді.

Сондағы ол кісінің айтқаны, «Жұмыс істесетін кісі екен» дегені, өзінің құрметті зейнеттік демалысына кетіп бара жатқаның, ол кісімен ұзақ уақыт қызметтес бола алмайтынына екінші білдірген еді. Ол кісінің әл аралап, халықпен кездесуі, жергілікті басшыларға қойған талабы, облыс көлемінде күрделі, қордаланып қалған мәселелерді шешудегі ұйымдастыру жұмыстары, аймақтың ұзақ жылдарға арналған экономикалық мәселелерін, «Күмкөл-мұнай» орнын ашудың, Оңтүстік Торғай иінін игерудегі, облысымыздың жерасты байлығын іздестірудегі арнайы мамандар шақырып, қарышты жұмыстар жүргізуі тікелей сол кісінің есімімен байланысты.

Еркін Нұржанұлының тікелей басшылығымен Арал өңірін апат аймағы етіп жариялау қолға алынды. Қазір кей аудандарда 50, қалған аудандарда 30 пайыздық айлықтарына қосымша алуына қол жеткізді. Бұл басқа көршілес облыстарға да жасаған еңбегі еді. Бұрын облыс халқының мүддесімен санаспаған «Байқоңыр» ғарыш айлағының лас көріз суларын Сырдарияға құюын, космодромнан ұшқан ракеталардың апат сынықтарын жинап, тәртіпке келтіруде, жоғары шенді генералдарды партиялық тәртіпке шақырудағы еңбегі ерекше болды. Облыс орталығындағы ТМД елдерінде теңдесі жоқ медициналық орталықтың ғимаратын, диагностикалық орталықтың салынуына бастамашы болған да Ерекең еді. Облысты III категориядан II категорияға көшіріп, аймақ тұрғындарына әлеуметтік-тұрмыстық жағдай жасаудағы жасалған жеңілдіктерде Еркін Нұржанұлының еңбегі зор.

Мен алғаш рет Еркін Нұржанұлын 1985 жылдың наурыз айының екінші жартысында облыстық партия комитетінің Аққұм кеңшары тұрғындарының шаруашылықта болған келеңсіз жағдайларына байланысты жазылған арыздың тексеру қорытындысын қараған бюрода көрген едім. Бұл аудан үшін келеңсіз жағдай болды. Осы мәселе аудан, облыс деңгейінде қаралып, басылғанмен, Еркін Нұржанұлы облысқа басшылыққа келгеннен кейін қайта көтеріліп, аудан кеңшар көлеміндегі жауапты қызметкерлерге шара көрілген болатын. Бұл жағдай мен шаруашылыққа қызметке келмей тұрған кезде болған екен. Сонда да аудандық партия комитетінің бюросы неғұрлым жазалау шарасы көп болса, соғұрлым беделі жоғары болатын ұстаныммен «Қызметке жақында келуін ескеріп,

партком хатшысына сөгіс берсін» деген болатын. Облыстық партия комитетінің бюросын басқарып отырған Еркін Нұржанұлы бюрода мәселелері қаралып, жазаланғандарды орындарынан тұрғызып, таныстыра бастады. Кезек маған келгенде қызметте қанша уақыт болғанымды сұрады. Жағдайды анық білген Ерекең есімімді атап «При чем тут секретарь парткома?» деген сөзімен бюроның үстінде сөгісімді алып тастады.

Әділдік өз бағасын алды. Мен мұны Еркін Нұржанұлының «қара қылды қақ жарған» әділдігіне теңіп болып жазып отырмын. Мен қызмет бабында Еркін Нұржанұлының бір бюросында және үш қабылдауында болғанмын.

Ол кісінің аудан шаруашылықтарын аралауы, халықпен кездесуі естен кетпес уақиғалар болатын. Әлі есімде, 1985 жылдың 20 қыркүйек күні Аққұм кеңшарына келіп, шаруашылықты аралап, халықпен кездесті. Еркін Нұржанұлы мемлекетке 100 мың центнерге жуық күріш тапсыратын шаруашылықтың қырманындағы ОВ-20 агрегаттарында жанталасып күріш тазалап жатқан жұмысшылар мен студенттерді көріп, қырманда астық тазалауда қанша адам жұмыс істейтінін сұрады. Мен мемлекетке астық тапсырудың күнделікті тапсырмасын қамтамасыз ету үшін науқанды кезеңнің үш ауысымында 150-дей жұмысшы, студенттер еңбек ететінін баяндадым. Ол мұның ескі әрі қиын әдіс екенін айтып, Тереңөзектің 18 партсезінде механикаландырылған қырман жасалып жатқанын айтты. «Сол қырманда 12-15 адам ғана жұмыс атқарады» дегенде, біз сөзерімізді білмей, күмәнданған едік. Айтқандай-ақ, келесі жылы сондай қырманда күріш шаруашылықтарында салынып, іске қосылды. Еркін Әуелбеков облыста ұзақ жыл бойы күріш тазалаудың ауыр бейнетінен механикаландырылған қырманға көшрді.

Аудандардың кеңшарлары мен ұжымшарлары күріш егісін жинау кезінде бұрынғыдай сырттан студенттер мен оқушыларды, басқа да адам құшымен автобазалардан тасымал көліктерін алмай, сырттан комбайнерлер шақырмай, өз күштерімен шығынсыз жинап алуды Еркін Нұржанұлының басшылығымен жүзеге асырған болатын. Бұл облыста егін шаруашылығына жасалған үлкен серпіні болды.

1985 жылдың шілде айында бұрынғы Тереңөзек ауданының 50 жылдық кеңшарында мүйізді ірі қараға күтім жасау, сүт, ет, төл алу, азықтандыру, қолдан ұрықтандыруды ғылыми тәжірибеден өндіріске енгізудегі облыстық семинарды өзі тікелей басқарып, басшылыққа алуды міндеттеген болатын. Осы жолдың авторы да осы семинарға қатысқан еді.

Ол кісінің мәдени-тұрмыстық, әлеуметтік салаларға аса назар аударғанын сол кездері қызметтес болған аға буын өкілдері жақсы біледі. Сөзімді дәлелді болу үшін айта кетейін, 1985 жылдың тамыз айы еді, мезгіл түстен кейін болатын. Кеңсеге ыстыққа терлеп-төпшіп, ұзақ жолдан шаршағандықтың сыңайын танытып, денелі жігіт ағасы келіп кірді. Түрі таныс, облыстық мекемелерде жауапты қызмет атқаратын



кісіге шырамыптым.

Амандық-саулықтан кейін ол кісі келген шаруасын айтуға кірісті.

— Бүгін облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Еркін Нұржанұлы Әуелбековтің қабылдауында болдық. «Облыстың, барлық ауданындағы шаруашылықтарға, елді мекендерге барасындар. Сол ауылдағы монша, қонақ үй, сауда орындарын, асхана сияқты басқа да әлеуметтік тұрмыстық орындардың жұмыс істеу жағдайын анықтап, егер ондай орындар жоқ болса, жергілікті басшыларға оны салуға тапсырма беріп, іске қосылу уақытын белгілеп, өздерің осы тапсырманың орындалуына тікелей жауап бересіндер, — деді.

Келген кісінің кеуілін орнына түсіру үшін мен де кеңшардың типтік жобамен салынғанын, сауда қонақ үйдің, моншаның бар екенін, қолынан іс келетін Турмағанбет Кенжебеков монша жұмысына жауапты болып жұмыс істейтінін, қысқасы, бұл мәселелердің біздің ауылда шешілгенін жеткіздім.

1986 жылдың тамыз айында Еркін Әуелбеков аудан шаруашылықтарын аралап, Қарақұм мал жайылымындағы малшылардың жағдайымен танысып, аудан орталығындағы өндіріс орындары мен мекемелерді аралады. Ол кісінің қасында аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы О.Сәпиев пен кеңес атқару комитетінің төрағасы М.Әбдіразақов, РАПО бастығы С.Әлиев болды. Келген бойда танысуды оқу орнының машина-трактор ауласынан бастап, оқу кабинеттері мен шеберхана зертханаларының бәрін көріп шықты. Училищенің мекенжайы бұрынғы тараған МТС-тың ескі орны болатын. Еркін Нұржанұлы училищенің техникалық базасының ескі екенін және ол бүгінгі талап дәрежесіне сай еместігін көріп, маған заман талабына сай оқу базасын жасауды тапсырды. Ол тұста мен бұрынғы училищенің қазіргі колледж басшысы болатынымн. Мен училищенің ғимараттары мен шеберханалары заман талабына сай еместігін жеткіздім. Сонымен қатар оқушыларға мәдени-тұрмыстық және спорттық көпсалалы кешеннің жылда жоспарға енбей келе жатқанын айтып,

соны салуға көмек сұрадым. Бұл мәселе бойынша облыстық басқарма бастығына бірнеше сұрақ қойды. Ол да жоспарға енбей жатқанын айтып, өзіңше дәлелдегендей болды. Бірден сол жерде көмекшісі Кеңес Махамбетовке тікелей тапсырма беріп «ертең менің атымнан облыстық Сельстрой тресінің бастығы Фаткульдиновке осы құрылысты бастауға тапсырма беріңіз» деді. Ертеңіне аудандағы сол треске қарайтын 05 ПМК мамандары келіп, жұмысты бастау үшін алғашқы қаржы бөлініп, құрылыс жұмыстары басталып кетті.

Жоспарсыз басталған жұмыстың ішкі керек-жарақ құралдары мен жабдықтарын алу оңайға түспеді. Осы жұмысқа да Еркін Нұржанұлы республикалық деңгейге дейін шығып, еліміздің түкпір-түкпірінен сұраныстар беріліп, орнатылып, келер жылдың бірінші қыркүйегінде пайдалануға берілді.

Екінішке орай 90-жылдардың соңында жекешелендіру кезінде оқу орнының мақсатты түріндегі жылжымайтын мүліктер және құрал-жабдықтары, техникалары жекеленуге, сатуға жатпайды деген заңды белден басып, көпсалалы мәдени-тұрмыстық, спорттық кешен болар-болмас пұлға кекеге сатылып кетті. Кейін сол кезде Еркін Нұржанұлының тікелей араласуымен салынған ғимарат кешен саудагердің дүкеніне айналып, бұл күндері елімізге көпсалалы мамандар даярлап жатқан Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжде қайтарылмады.

Қысқа мақалада үлкенжүректі мемлекет және қоғам қайраткері Еркін Әуелбеков жайлы толық айтып жеткізу мүмкін емес. Мен облыстың қатардағы азаматы ретінде ол кісінің аймақты басқарған кезіндегі өзім куәсі болған 4-5 жайтты әңгімелеп, бүгінгі ұрпаққа оның облысқа жасаған еңбегін айтуды мақсат еттім. Расында оның өнегеге толы өмір жолы қай буынға да өнеге болары анық.

Рысбай КӘРІМОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
Жалағаш ауданының құрметті азаматы

Бұл қамшының сабындай қысқа өмірде ұлы адамдардың сөзін есту, естелігін оқу, ол кісілердің қолын алып, сұхбаттасу өз алдына бір бөлек дүние екен. Кітаптан оқисың, газет-журналдардан қарайсың, қарап отырып, таң қалып, таңдай қағасың. Заманында Қонаевпен кездесу, сұхбаттасу, Сәбит Мұхановпен, Мұқағали Махатаевпен, Мұстафа Өзтүрікпен кездесу бұйырыпты. Өзім жүзбе-жүз кездесіп, мемлекет дамуы жолында еңбегіне қаныққан қайраткерлер қатарында көңілі дархан, адамгершілігі мол, адал еңбекпен еңсе тіктеген ұлы адам Бердібек Сапарбаев та бар.

Ұлы адамдармен дидарласқанда...

1991 жылы күз айында Алматыдағы Биғали Айтмамбетов басқаратын клиникада ем алдым. Мұндағылар мені екі адамдық, барлық жағдай жасалған белмеге жайғастырды. Дәрігеріміз доцент Демченко деген орыс әйел екен. Бір-екі күннен кейін менің қасыма алматылық машина-маторын өндіруші орынның меңгерушісі Марат деген жігітті әкеліп жатқызды. Түріне қарасақ, менен жас сияқты. Сұрастыра келсек, ол менен бір-екі жас үлкен екен. Аузын бақсақ, орысша жортады. Төңіт орысша сөйлеп, болмашы сұрағыма да орыс тілінде жауап бергенін жақтырмай қалдым. Ол да байқаған болуы керек, «мен орысша оқып бітптім. Жұмысым да орысша сөйлеуді қажет етеді. Мен мына Қазақстанды отыз жылдай басқарған Қонаевтың туған бөлесінің баласымын. Менің орысша сөйлегенімді олар еш әбессінбейді. Екі әйелім бар, біреуі орыс ұлтынан, бірақ қазақша сөйлейді» деді.

Бұған қалай таң қалмайсың, оған ырза көңілмен қарай бастадым. Көп ұзамай түсі асқа дайындалып жатқанымызда ішке орыс әйел баласымен кіріп келді. Келе сала қазақша амандасты. Қасымдағы азаматтың қызы екен, әуелі әкесіне сәлем берді, сонан кейін менімен қазақша қол алысып баласы амандасты. КАЗГУ-дың Қазақша әдебиеті факультетінде оқиды екен. Орта білімді қазақ мектебін де аяқтапты. Қалайша ырза болмасың! Маратқа «Мен оған ырзамын» деп қолын алдым. «Енді ақсақалмен кездесіп, сәлем берсем» деген бұрынғы өтінішімді қайталадым.

— Мақұл, оның да орайы болар, — деді.

Мен үшін аптаның жұма күні ерекше болды. Таңғы астан кейін Марат маған «бол кйімдеріңді ки, бүгін төтеме жолықтырамын» деді. Тәтесі Дінмұхамед Қонаев екен.

— Бүгін әйелінің басына барып, гүл шоқтарын қойып қайтатын күні, өзі құран бағыштайды, басқаша мүмкіндік жоқ, — деді.

Екеуміз дереу Мараттың көлігімен Зухра жатқан бейіт басына бардық, ол кісі зират басында тұр екен. Бізге «кірмейсің» деп ауыздағы сақшы рұхсат бермеді.

Амал жоқ, ауызда күттік, аздан кейін ұлы адам бұрылып шығар ауызға келді. Күтіп тұрған Маратты көріп «Ой, Маратик, қайдан жүрсің?» деп оны құшағына алды. Мен қазақы әдеппен қос қолымды ұсындым. Қолымды алып «Бұл жігіт қайдан...?» деп назарын маған аударды.

— Бұл — менімен бірге ем алып жатқан азамат, өзі қызылордалық, — деді.

— Бұрынғы астана ғой, алаштың астанасы ғой. Жарайды, жатып ем алындар, — деді.

Ментаңқалдым, сондайірадам, «осындайқарапайымдылығынан шығар ұлы адам болғаны» деп іштей ой түйдім.

Бұдан кейін жазушылардың атасы Қызылордаға келіп, роман жазған Сәбит Мұқановпен кездесудің сәті түсті. Қарымды қаламгер қарапайым екен. Өзі де «айналайын» деп сөйлейтін кісі екен.

Кейін Алматыдағы диагностикаға барғанда дәлізде келе жатқан Сәбит Мұқанов кезіме оттай басылып, дереу сәлем бердім.

— Ооо, мынау Қызылорданың сәлемі ғой, — деп қолымды алды. Менің жай-күйімді сұрап білген соң «емделіңдер, тексеріліңдер, әлі жассындар ғой» деп ақылын айтты. Аман-саулық тілеп, өнді жүре бергенде диалогты әрі жалғазды.

— Айналайың, айыпқа бұйырмассың, «түсі келгеннен түңілме» деп өзімнен емен-жарқын әңгімелесіп кеттік, бірақ есіміңді ұмытып қалмасым бар ма?

— Менің атым Мұқан.

— Оу, бұл ат менің қадірлі әкемнің аты ғой, шырағым, ол кісі жақсы адам болды. Менің әкемнің атына кір келтіре көрме, ұзақ өмір сүр, — деп кете барды.

Алдымдағы ағама кетерінде бірнеше рет өтініш айттым, Алматыға тағы жол түсіп жатса, мені Мұқағали Мақатаевқа жолықтыруын өтіндім. Бұл өтінішім 70-ші жылдардың басында орындалды. Ақыры сәті түсіп, ақиық ақынға кездестірді.

Жазушылар үйінің алдында күтіп тұрмыз, «қазір шығады» деген соң болса да келгенің жолығып сәлем беруге бел будым. «өне, шығып келе жатыр армандаған ақынның» деді. Жоғарыдан пальтосының алды ашылған, шашы арқа қайырылған Мұқағали төмен түсіп келе жатты. Қасымызға келе бергенде екеуміз де сәлем беріп, қолымызды создық.

Амандық-саулық сұрақсқаннан кейін ағам өзі таныстырды.

— Мына жігіт менің інім, Сыр бойынан арнайы өзіңізді іздеп келді. Сізді бір көріп, амандасуға құштар болды, — деді мені меней.

— Сыр бойынан келсе, бір жерге барып, әңгімемізді сонда жалғастырайық, — деп біздің алдымызға түсіп жүре берді.

Кездесу мен сұхбат алудың осындай орайы келген. Мен әлсін-әлсін ақиық ақыңға қарай бердім. Осындай тұма талант, қарапайым адамнан қалайша адамды өзіне еріксіз тартатын толқынды шумдақтар туа береді десеуші! Халықты таңқалдырған өлеңдер туған адамды қазғамы сол кездері бағалай алмай, өлгеннен кейін айтып жатырмыз. Тірі кезінде айтқанымызда, денсаулығына байбалам салып жәрдемдескенімде бұдан да көп шығармалар жазарма еді?..

Мен ол кісімен екі-үш сағаттай бірге болдым. Ақиық ақынның бейнесі, сөз ырғағы ауылға келгенше көз алдымнан кетпей тұрды.

Төртінші ұлы адаммен кездесуім 2019 жылы «Талсуат» санаториясында болды. Азанда орнымнан тұрар-тұрмастан көзекші келіп «дұрыстап киініз, бүгін министрмен кездесу болады, оның ішінде бастық маған тапсырма берді. Сол кісімен осы ағайды жолықтырыңыз. Қасында аймақ басшылары да болады» деді.

Осында бір көріспен тастақтың енді бастағанымыз сол еді, қонақтар да кіріп келді. Аман-саулық сұрасып, біз де жағдайымызды баяндап жатырмыз.

— Кім жеңіп жатыр еді.

— Әрине, мең, — деп жауап бердім.

Сағатына қарап: — Онда біз де жеңімпазбен ойнап көрейік, — деп таяқтың біреуін қолына алды.

«Мен министрім» деп шіреніп тұрған жоқ, өзіне сенімді екен, 8:5 есебімен мені ұтып кетті. Өте жақсы ойнайды екен.

— Мен сіздің ұтысыңызды әкелейін, — дедім.

— Жоқ, әуре болмаңыз, оның орнына осындағы жағдайларды маған жасырмай, кемшілігіне дейін айтсаңыз болды, — деді.

— Мұнда кемшілік жоқ, тек жетістігін айтайын.

— Иә, дұрыс, екеуі де қай жерде болсын қатар жүретін нәрсе ғой, — деп сөзін әрі жалғады.

Сол күнгі жиналыс әлі есімде. Ол жақсы кісі еді, кезінде бірнеше облысты басқарған, оның ішінде Ақтөбедегі талай мәселеге қарым-қабілетімен нүкте қойған, Жамбылдағы талай дауды шешкен, Шығыста Абай мен Шәкәрімге ескерткіш тұрғызған, мешіт салдырған, өзіміздің Қызылорданы тығырқатан шығарып, өз алдына облыс болып қалуына себепкер болған нартұлға Бердібек Сапарбаев еді. Расында дана адам ғой, «аға, ауруын жасырған өледі, біз бір-бірімізден мәселені жасырмауымыз керек, керісінше оны дер кезінде анықтап, шешуге жұмыс жасауымыз керек» дегенде оның мемлекетке адал азамат екенін ұқтым. Айта берсем, ол кісі туралы әңгіме көп. Онымен Талсуатта бірге түскен сурет өлі де сақтаулы.

Өмірде осындай ұлы адамдармен жолығудың сәті түскеніне шүкір деймін. Әрқайсысының өмір жолы — қай буынға да өнеге. Өйткені олар жасандылықтан жаны ада азаматтар еді.

Мұқан МҰРАТБАЙ,
ардагер-журналист

Заңнамадағы соңғы өзгерістер қандай?

Соңғы жылдары елімізде сот жүйесін жетілдіру бағытында бірқатар маңызды заңнамалық өзгеріс енгізілді. Бұл реформалар сот жұмысының тиімділігін арттыруға, азаматтардың құқықтарын қорғауға және сотқа деген сенімді күшейтуге бағытталған.

Судьялардың кәсіби тәуелсіздігі күшейді

Сот төрағалары мен судьяларды іріктеу тәртібі жаңартылды. Енді біліктілік талаптары қатаң, бағалау жүйесі объективті. Сонымен қатар тәртіптік жауапкершілік айқындалды. Сотқа түсетін жүктемені азайту мақсатында дауларды балама жолмен шешу жолдары кеңейтілді. Бұл сот процесін жылдамдатып, азаматтарға қолжетімділікті арттырады.



Цифрландыру: сотқа қолжетімділік артып келеді

Электрондық жүйелер арқылы талап арыз беру, құжат алмасу және бейнебайланыс арқылы сот отыры-

сына қатысу мүмкіндігі енгізілді.

Бұл жаңалық сот процесін жеңілдетіп, бюрократиялық кедергілерді азайтады. Сот шешімдері енді тез әрі ашық түрде қабылданады.

Азаматтардың құқығы басты назарда

Әкімшілік даулар мен әлеуметтік мәселелер бойынша құқықтық көмек сапасы жақсарды. Сот актілерін орындау рәсімдері жетілдіріліп, алимент, еңбек даулары секілді маңызды істер жылдам қаралады. Азаматтардың құқықтары бұдан былай заң жүзінде бұрынғыдан да сенімді қорғалады.

Медиация институты дамып, міндетті талап қоюға дейінгі келіссөздер енгізілді. Татуластырушы судьялардың өкілеттігі кеңейтіліп, тараптар өзара келісімге келуге мүмкіндік алады. Медиация нәтижесінде көптеген даулар сотқа жетпей шешіледі, бұл сот уақытын үнемдейді. Сот шешімдерінің сапасы жоғарылады. Сот актілерінің құрылымы нақтыланып, құқықтық негіздері күшейді.

Жоғарғы Соттың жаңа түсіндірмелері мен қаулылары әділ шешім қабылдауға көмектеседі. Сот шешімдері түсінікті әрі айқын. Заңнамадағы өзгерістер сот жүйесін заманауи талапқа сәйкестендіріп, сот төрағаларының қызметін жеңілдетіп, халықтың сотқа деген сенімін арттыруға бағытталған. Бұл реформалар сот төрелігін әділ, ашық және тиімді етуге мүмкіндік береді.

А.АЛТЫНБАЕВ,
Жалағаш аудандық соты әкімшісінің басшысы



Емхана елдің қажетіне жарап тұр

Биыл қантарда Қаракеткенде жаңа дәрігерлік амбулатория пайдалануға берілген. Жалпы құны 339 миллион теңгені құрайтын жаңа нысанның бүгінгі жұмысы жүйелі. Бұрынғы ескі нысанның машақатын бұл жердің мейіргерлері әлі күнге дейін ұмытпаған. Науқас қарамақ түгілі, дәрігерлердің өздері суықтап, ауырып қалған кездер де болғанын айтады. Сондықтан жаңа ғимарат – тек ауыл тұрғындары үшін ғана емес, ақхалаттылардың өздері үшін де үлкен қуаныш.

Бүгінде ауылдық емханада 2 дәрігер, 12 мейіргер қызмет атқарады. Жұмыс қарқыны жақсы, қабылдау ретімен жүргізілуде. Күндізгі бөлім ай сайын 22 науқасты қабылдайды. Емханада 5 төсек орын қарастырылған. Биыл ауыл тұрғындарының басым бөлігі соңғы уақытта белең алған тұмау диагнозымен жүгінсе, одан бөлек бүйрек ауруларымен тіркелетіндер де бар екен. Сала мамандары жоспарлы скринингті уақытылы өткізіп келеді. 40-50 жас аралығындағы 71 әйел сүт безіне талдау тапсырып, оның ішінде 6 әйелден алғашқы өзгерістер анықталып, маммологқа жолданды және бүгінде тиісті ем қабылдап жатыр. Артериалды гипертензия бойынша 101 тұрғын тексеруден өтіп, 5 адамнан ауру белгілері табылған. Ал қант диабетіне жүргізілген скрининг барысында 209 адам қаралып, 6 жаңа жағдай анықталды. Артералды қан қысымының жоғарылығымен 150 науқас, қант диабетімен 30, хроникалық обструктивті өкпе ауруымен 2, аралас демікпемен 2, анемиямен 10, жүректің ишемиялық ауруымен 20 адам емхана есебіне алынып, дәрігер 6 ай сайын оларды бақылауда ұстайды.

Мұндағы барлық жұмыс ауыл тұрғындарының игілігі үшін жасалып жатқанын байқауға болады. Келген көз келген науқас алдымен алғашқы талдаудан өтіп, нәтиже шыққан соң, қажет болған жағдайда ауданға жеткізіледі. Заманауи үлгідегі ғимаратта егуден өтетін кабинеттен бастап, стерилизациялау бөлмесі, физиотерапиялық емдеу кабинеті де бар. Тұрғындарға қолайлы жағдай жасалған емхана тұтас бір ауылдың қажетіне жарап тұр.

Мәселелер оң шешімін тапқан

Ауылдағы инфрақұрылым саласында бірнеше ірі жобалар қолға алынууда. Газ құбырының құрылысы желтоқсан айында басталмақ. Ауыз су мәселесі де шешімін тауып, «Бекбай» каналы тазалаудан өтіп, қазір ауыл тұрғындары аяқсумен қамтылған. Сонымен қатар ауылдың кіреберіс жолын жарықтандыру жобасы да әзірленіп, 2 шақырым 600 метр жолға жарық бағаналарын орнатуға арналған 94 миллион теңгелік жоба облысқа жолданды. Барлық жұмыстар кезек-кезеңімен жүйелі түрде жүргізіліп, тұрғындардың күнделікті өмірін жеңілдетуге және ауылдың дамуына нақты үлес қосуда. Жобалар іске қосылғанда ауылдың келбеті жаңарып, заманауи тұрмыс жағдайы қалыптасады.

Ауыл әкімінің нақты нәтижеге бағытталған жұмыстарына куә болдық. Өзі ісіне берілген басшы емхана қоршау жұмыстарының басы-қасында да өзі жүрді. Балаларға арналған ойын алаңы, мектеп, емхана, балабақша бүгінде халық мүддесі үшін мызғымай жұмыс істеп тұр. Көп жасағанмен емес, көпті білгенмен сұхбаттастық. Төртегі орнынан тұрып, есікке дейін шығарып салғанына қарап, ауыл бет-бейнесін бағамдадық. Игілік көшесіндегі әкімшілікте ел игілігі үшін ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Ғимараттан будақтаған түтін ирелендеп баяу көтеріледі, бірақ ауылдың түтіні түзу. Халық пен әкімшіліктің бірлескен іс-әрекеті ауылдың көпешегін кемел, өмір сүру сапасын жоғары деңгейге жеткізуге мүмкіндік беріп отыр. Қаракеткеннің бүгінгі беталысы жақсы, жарқын жобалар арқылы ауыл келешек кемелденуде. Дамыған ауылдың үлгісі осындай болса керек.

Гүлжан Есжан

Қаракеткен – жарқын жобалар мекені

Теміржолдан өте бере анда-санда көзге шалынатын жылқы төлдері байқалады. Жерге жабыса өскен тікен мен жыңғыл, арасында ақ қар үстіне көмкеріле жайғасқан сары қоға басталып кетеді. Өткен аптада аудан елді мекендерінде атқарылып жатқан жұмыстарды бағамдау мақсатында Қаракеткенге жол тарттық. Бір тұста Түмен әулие бағанасы қылаң берді, ауыл шетіне таяп қалыппыз. Шаңырақты көтеріп тұрған аркадан өтіп, электр сымдарын арқалаған жарық бағаналарының бойымен ауыл ішіне ендік. Мұндағы елдің тынымсыз тірлігі басталып кеткен. Көлікпен өтіп бара жатып, көз қиығын салып үлгердік, «көше бойында жол салынып жатыр-ау» деп топшыладық.

Елді мекен 1905-1906 жылдары теміржолдың салынуына қатысқан жұрттың қоныстануынан бастау алған Орынбор-Ташкент теміржолының бойында орналасқан. Көнекөз қариялардың аузын басқасқ, жер атауының тарихын осы жол салынып жатқанда оның шығыс жақ бетіндегі «Қалияр шүңейті» деген жерге ірі қара сиырдың суға кетуімен байланыстырады. Кезінде Қаракеткеннің атын төңірекке танымал еткен «Игілік» балық колхозы 1928 жылы ұйымдастырылған артельдің бірі болатын. Теміржолға жақын екенін ескеріп, 1930 жылы «Игілік» балық колхозы болып құрылады. Қаракеткеннің айналасы сулы да нұлы болған. Балық аулайтын көлдерден су үзілмеген. Үлкендердің айтуы бойынша, ауыл іргесіне дейін сулы көлдер болыпты.

19 көше күрделі жөндеуден өтеді

Ауыл әкімі Әділ Тоқтарұлы әкімдік қызметке 2021 жылы келген. Жұмыстың көзін таба білетін іскер басшыны ауыл ардагерлері де қос қолдап қолдап отыр. Әуелде басталып кеткен әңгіменің ортасынан кіріппіз, телефон

арқылы егжей-тегжейлі жұмысты талқылау қызу жүріп жатыр. Сөйтсек, кезек күттірмейтін маңызды мәселеге мән беріліп, мектеп тұсына жол белгісі орнатылып жатыр екен. Өйткені балабақша мен мектеп Қараөзекке шығатын жолдың дәл бойында. Бағана байқаған кіреберістегі тірліктің түбі дәл осы екен. Қаракеткен мен Далдабай ауылдарында жалпы 16 ішкі көше бар, қазіргі таңда барлық көше қамтылып, түгелдей күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Оның жетеуі Далдабай елді мекенінде болса, қалған 9 көше Қаракеткенге қарасты. «Нұрлы тау» компаниясы ауыл аумағындағы жол салу жұмыстарын белсенді әрі сапалы жүргізуде. Жобаның жалпы құны 492 миллион теңгені құрайды, ауқымы үлкен. Жолдың өні 7 см асфальт қабатымен жабылып, жұмыс барысын ұлттық сапа стандарттары бойынша қадағаланып отыр. Жұмыс жүйелі жүргізіліп, уақытылы ел игілігіне берілсе, бұл жол тек көлік қозғалысын жеңілдетіп қана қоймай, елді мекеннің инфрақұрылымын жақсартып, әлеуметтік өмірге де оң ықпал етеді.

Кәсіп ашамын десе, қолдау бар

Жалпы ауылдық округте 262 отбасы бар, есепте 1300-ден астам тұрғынның басым бөлігі Қаракеткеннің өзінде тұрады. Далдабай елді мекенінде 358 адам бар. Ауылдағы ағайынның 475-і тұрақты жұмыспен қамтылған.

Қаракеткен ауылдық округі бойынша 115 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Сонымен қатар 4 адам мал шаруашылығы бағытында мемлекеттен жалпы құны 6 миллион 300 мың теңгені құрайтын «Ұлттық жоба» бағдарламасы аясында қайтарымсыз грант алды.

Ауыл экономикасының негізгі саласы да төрт түлікпен тығыз байланысты. Елді мекенде биыл 9 ай қорытындысымен мүйізді ірі қара саны 2873-ке жеткен, Мұнан бөлек 1908 қой, 842 ешкі, 2781 жылқы, 16 бас түйе, және 427 құс тіркелген.

Шетелдік инвестор тартылды

Қаракеткенде жергілікті өзін-өзі басқару шотына 5 салық түрі бойын-

ша барлығы 6 миллион 398 мың 200 теңге түсім түседі. Оның ішінде мүлік салығы – 98 мың 500 теңге, жер салығы – 25 мың 600 теңге, көлік салығы – 6 миллион 21 мың теңге, жеке табыс салығы – 944 мың 400 теңге, бірыңғай жер салығы – 293 мың 600 теңге. Биыл ауылға шетелдік инвестор тартылған. Желтоқсан айында техника жеткізіліп, 7 мың гектар жерге жүгері дақылын егу жоспарда тұр. Бұл жоба ауыл халқының жұмыспен қамтуға да үлкен мүмкіндік береді. Сонымен қатар инвестордың келуі аудан бюджетіне 51 миллион теңге салық түсіреді. Жоба ауқымы мен тиімділігі ауылдың экономикалық әлеуетін арттыруға, жергілікті тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған. Жерді өңдеу, дақыл егуді ұйымдастыру және заманауи техника қолдану ауыл шаруашылығындағы өндірістің сапасын арттырып қана қоймай, тұрақты табыс көзін қалыптастыруға да ықпалы зор. Облыс көлемінде келіссөздер жүргізіліп, жобаның аумағын 30 гектарға дейін кеңейту мәселесі талқыланып жатыр. Егер мақұлдаса, алдағы жылдары ауыл шаруашылығындағы өндіріс көлемі еселегенді.

Мәдениет үйінің жобасы дайын

Ауылдық округте 100 орындық, Далдабай елді мекенінде 50 орындық мәдениет үйі, 2 кітапхана жұмыс жасап тұр. Мұнда әртүрлі шаралар, кештер, кездесулер, көркемөнерпаздар концерті өткізіліп тұрады. Мәдениет үйі 1962 жылы іргесі қаланған көне ғимарат. Алпақ ағаш есіктен аттаған сәттен төркі бөлме көзге түседі. Жарық өшіп тұрса да күннің сығырайған жарығы түсіп тұр. Биіктігі шамамен үш метр болатын кең төбедең төмен қарай көк перде сұлпал жатыр. Ауыл әкімінің айтуынша, мәдениет үйінің жаңа ғимаратына арналған жоба толық дайындалып, тиісті орындарға ұсынылған. Дегенмен ең алдымен ауылдың негізгі инфрақұрылымы газ, су, жол мәселелері түбегейлі шешіліп, қалыпқа келгеннен кейін ғана бұл нысанның құрылысына жол ашылмақ. Десе де бұл ғимаратта төрт үйірме тұрақты жұмыс істеп тұр. Оған 51 оқушы қатысып, шығармашылықпен айналысуға мүмкіндік алған. 10 қызметкер еңбек етіп, мәдени ошақты қолдан келгенше жандандыруға

күш салуда. Енді жоспардағы жаңа мәдениет үйінің құрылысы қолға алынса, ауыл руханиятының жаңғыруына даңғыл жол ашылмақ.

Алтын ұя ауданнан сый алды

Қаракеткендегі ең алғаш білім ошағының бастауы 1932 жылдармен тұспа-тұс келеді. Теміржол станциясының оңтүстік бетінде бір бөлмелі Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектеп салынған. Сол жылы мектепте 30-дан астам оқушы болыпты. 1975-1976 оқу жылында №114 орта мектеп болып қайта құрылады. Ғасырға жуық тарихы бар білім ордасын былтырғы оқу жылында 13 түлек тәмамдап, олардың қатарынан 1 оқушы «Алтын белгі», 4 оқушы «Үздік аттестат» иегері атанды. Ең қуаныштысы, барлығы да өз білімін ақтап, мемлекеттік грантқа ие болды. Бұл – мектеп ұжымының жүйелі еңбегінің, ұстаздар мен оқушылардың бірлескен таппынысының нәтижесі.

Биылғы оқу жылында да алтын ұяға 25 бүлдіршін бірінші сыныпқа қабылданды. Ал мектеп бітірушілер саны өткен жылмен бірдей, яғни келер жылы 13 оқушы мектеп бітіреді. Барлығы да ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысады деп жоспарлануда. Оның ішінде 3 «Алтын белгі», 4 «Үздік аттестатқа» үміткер бар.

Өткен оқу жылын №114 орта мектеп жақсы қорытындылады. Айтулы білім ордасы облыстық білім басқармасының «Үздік әлеуметтік әріптес» марапатын иеленген. Ал биыл жаңа оқу жылында мектеп бітірушілердің білім сапасы мен жоғары көрсеткіштері, сондай-ақ педагогтардың нәтижелі еңбегі ескеріліп, мектеп ұжымы аудан әкімінің 1 миллион теңге көлеміндегі қаржылай сыйақысымен марапатталды. Бұл құрмет – мектептің жүйелі жұмысына берілген әділ баға.

Жаңару мен даму жолындағы мектептің әлеуеті зор, ал шәкірттердің биік белесті бағындыруға деген құлшынысы ауылдың болашағына сенім ұялатады. Жеке демеушілік тарапынан да мектеп тынысына қолдау көрсетіліп келеді. Ауыл мақтаншысы Қуандық Меңбаев 3,5 миллион теңгеге бастауыш сыныпты қажетті құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етті. Жомарт азаматтың игі бастамасы – білім сапасына қосқан нақты үлес.



Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВЖалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясыБас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-36

Бас редактор - 32-0-41

Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,

бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2763 Тапсырыс №2007

Кезекші редактор: Гүлжан Есжан

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru